

Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеу, сондай-ақ заң жобасын шұғыл қаралады деп жариялау ережесін бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 сәуірдегі N 361 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеу, сондай-ақ заң жобасын шұғыл қаралады деп жариялау ережесін бекіту туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеу, сондай-ақ заң жобасын шұғыл қаралады деп жариялау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясы 45-бабының 1-тармағына және 61-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеу, сондай-ақ заң жобасын шұғыл қаралады деп жариялау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде өз шешімдерін осы Ж а р л ы қ қ а с ә й к е с к е л т і р с і н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы " _ _ _ _ _ " "

N _ _ _ _ _ Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеу, сондай-ақ заң жобасын шұғыл қаралады деп жариялау ережесі

Осы Ереже Мемлекет басшысының заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеу, сондай-ақ заң жобаларын жедел қаралады деп жариялау конституциялық құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

1. Қазақстан Республикасының Президенті заң жобасын қарауды басым деп белгілеуге немесе оны жедел қаралады деп жариялауға шешім қабылдаған кезде Мемлекет басшысы немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі тиісті мемлекеттік органның назарына осы заң жобасының қаралуы басым деп белгілеу немесе шұғыл деп жариялау жоспарланатынын жеткізеді.

2. Әдетте, басым ретінде қарауды Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілген немесе енгізуге заң жобаларына қатысы б о й ы н ш а б е л г і л е й д і .

3. Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы жолдауымен басым деп белгіленген және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына әлі енгізілмеген заңдар жобалары тиісті мемлекеттік органдармен келісілуі және Қазақстан Республикасы Үкіметі екі ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне қарауға ұсынылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісілгеннен кейін мұндай заңдар жобалары Қазақстан Республикасының Үкіметі он күн мерзімде Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізіледі.

4. Шұғыл деп жариялау жоспарланған заң жобасы тиісті мемлекеттік органдармен келісілуі және Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінің қарауына осы Ереженің 1-тармағына сәйкес хабарлама түскен күннен бастап жиырма күн мерзімде енгізілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісілгеннен кейін мұндай заң жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі жеті күн мерзімде Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізеді.

5. Қазақстан Республикасының Президенті шұғыл деп жариялаған заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінде арнайы жолдауын жариялағаннан немесе Қазақстан Республикасының Парламентіне жолдағаннан кейін келесі күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізіледі.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі өзі әзірлеген заң жобаларына қатысты Қазақстан Республикасының Президентіне заң жобасын қарауды басым деп белгілеу немесе оны шұғыл қаралады деп жариялау туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

7. Осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген ұсынысқа тиісті заңның жобасы және:

1) Парламенттің заң жобасын қарауын басым деп белгілеу немесе оны шұғыл қаралады деп жариялау қажеттілігіне негіздеме;

2) заң жобасының нақты мақсаттары және онымен шешілетін міндеттер қамтылуы тиіс түсіндірме жазба қоса беріледі.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі он күн мерзімде заң жобасын

басым деп белгілеудің немесе оны шұғыл қаралады деп жариялау туралы
қ о р ы т ы н д ы н ы ұ с ы н а д ы .

9. Мемлекет басшысының шешімі бойынша қаралуын басым деп белгілеу немесе оны шұғыл деп жариялау жоспарланған заңдар жобаларын дайындау мен келісудің өзгеше тәртібі, мерзімі белгіленуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ